



Автор: Каналина Жұмагүл Алдаберлиевна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Мәдени мұра
Тақырып: Қазақтың баспанасы – киіз үй

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өмірде болған/өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып баға беру
Сабақ мақсаттары	аудио-бейнежазба мазмұнына өмірде болған/өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып баға беру
Бағалау критерийі	бейнежазба мазмұнын өзге шығармамен салыстырып, баға бере алады
Құндылықтарды дарыту	Өмір бойы білім алу, жалпы азаматтық құндылықтар
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану, ғылымға кіріспе
Алдыңғы меңгерілген білім	Мәдени мұра дегеніміз не?

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (0-10 минут)	I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың сабаққа дайындығы тексеріледі. II.Қызығушылық-мотивациялық кезеңі Жұмбақты шеш Төбедегі көзінен, Күн сәулесі түседі. Бұрышы жоқ төрінен, Самал еркін еседі. Киіз үй /Оқушылардың жауаптары тыңдалады, сабақтың тақырыбы анықталады/ III.Сабақтың тақырыбы мен мақсаты мен таныстыру, бағалау критерийлерін шығару.	Презентация

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10-35 минут)	(Ө, МК, Ұ) «Білемін/ білдім» кестесі Мақсаты: оқушылардың есте сақтау, қайта жаңғырту қабілеттерін дамыту, шығармаларды өзара салыстыра сипаттауға баулу. Оқушыларға кесте таратылып беріледі. Оқушылар берілген кестенің бірінші бағанына оқушылар алдымен өздерінің киіз үй туралы ақпаратты толықтыру тапсырылады. Кестедегі «Білемін» бағанына толтырған ақпараттарын өзара жұппен бөліседі, ұжымда қандай ақпарат жинақтағанын ортаға салады, кері байланыс жасалады/ (МК, Ө) Бейнежазба «Киіз үй» □(МК, Ө) Оқушыларға бейнежазба көрсетіледі. Оқушылар бейнежазба мазмұнына сәйкес тыңдаған ақпаратты кестеге түсіру; □(Ө, Ж) Кестеге толтырған ақпаратты негізге ала отырып, бейнежазба мазмұнына сәйкес нақтылау сұрақтарын қойып, өзара жауап беру, қажеттілігі қарай ақпарат толықтыру. □(Ө) «Киіз үй» өлеңін оқу, қажетті ақпаратты жинақтаған ақпараттжестеге толтыру. □(Т) Бейнежазба мен өлең жолдарынан жинақтаған ақпаратты өзара салыстыра сипаттау/ Оқушылар топта бірігіп, кестедегі ақпаратты ортаға салады. Ортақ бір кестеге толтырып, ұжым алдында қорғайды/. Киіз үй Атам менің айбынды, Атам менің сүйікті. Бір қойнауға шалғынды Киіз үйін тігіпті. Алдымдағы арнаулы Шопан үйі дөңгелек Ақша бұлттан аумайды, Қонақтаған жерге кеп. Әрі жарық, әрі кең, Ақ сарайдай бұл бөлме. Жасауымен, сәнімен Қызықтырады кіргенде. Алашаның жердегі Ашық екен өрнегі. Текеметтен төрдегі Көзімді алғым келмейді. Қастек Баянбай Дескрипторлар: □Бейнежазба мен өлең жолдарынан ақпарат жинақтайды; □Жинақтаған ақпаратқа салыстырмалы түрде баға береді. /Дескрипторлар негізінде бағаланып, кері байланыс жасалады/	https://youtu.be/XjsYPFmSshI https://youtu.be/MG3pgrWOyjA
Сабақтың соңы (35-40 мин)	Рефлексия: «Сөйлемді жалғастыр» әдісі -Бүгін мен түсіндім. -Маған қызықты болды. -Маған қиындық туғызды. Өзін-өзі бағалау «Блоб ағашы» арқылы өздерін бағалайды.	Блоб ағашы